



Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Туризм индустриясы комитеті

Төрағасының
2018 жылғы « 2 » 06
№ 13 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы, 2018

1. Жалпы ережелер

1. «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (одан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әзірленген және Қоғамның құқықтық мәртебесі туралы ережелерді қамтиды, оның атқарушы органның орналасуы туралы, акционерлер құқықтары туралы мәліметтерді, Қоғамның құрылу тәртібі мен органдарының құзыреттілігі туралы, сонымен қатар олардың қызметтерін ұйымдастыру тәртібін, Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін, Қоғамды қайта құру және қызметін тоқтату мен Қоғамның қызметіне қатысты тағы да басқа ережелерді қарастырады.

2. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» 2017 жылғы 14 шілдедегі №428 қаулысына сәйкес құрылған.

3. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

Қоғамның мемлекеттік акциялары пакетіне ие болу және пайдалану құқықтарын тиісінше қабылдау және беру актісі негізінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

4. Қоғамның атауы:

Толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Национальная компания «Kazakh Tourism»;

3) ағылшын тілінде: Joint-stock company «National Company «Kazakh Tourism».

Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «НК «Kazakh Tourism»;

3) ағылшын тілінде: JSC «NC «Kazakh Tourism».

5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан мекені:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 29/1 үй.

2. Қоғамның құқықтық мәртебесі

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сонымен қатар Қоғамның осы Жарғысы мен

басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

7. Қоғам өзіндік балансқа, банк шоттарына, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға, жауапты болуға, сотта арыз беруші мен жауапкер ретінде болуға құқылы.

8. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін мөрі, өзінің атауы бар бланктері және басқа да қажетті реквизиттері бар.

9. Қоғам еншілес және бағынышты заңды тұлғаларды құруға құқылы, сондай-ақ осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының территориясындағы және одан тыс жерлердегі басқа заңды тұлғалардың қызметінде әрі жарғылық капиталдарында қатысуға құқылы.

10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

11. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Жарғымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің мәні және негізгі түрлері

12. Қоғам қызметінің мәні болып келесілер табылады:

1) елдің беделін алға бастыруға бағытталған халықаралық көрмелерді, жәрмеңкелерді, аукциондарды, іскерлік және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

2) келесі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу:

- балалар және жеткіншектер туризмін дамыту бойынша;

- келу туризмнің ағымын арттыру бойынша;

- медициналық туризмді дамыту бойынша;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық және инвестициялық қызметі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбайтын қызметтің басқа да түрлері.

13. Қоғамның қызмет түрлері (функциялары) төмендегілер болып табылады:

1) туризм индустриясын алға бастыру және дамыту мәселелері бойынша туристік компаниялармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

2) Қазақстанның киелі нысандары бойынша аймақтық турагенттіктері үшін картография жасау;

3) сыртқы нарықтарды саралауды жүргізу, сонымен қатар ішкі туризмді алға бастыру және дамыту мәселесі бойынша шетел тәжірибелерін зерттеу, картография жасау;

4) сыртқы нарыққа ішкі туризмді кино, бейне фильмдер арқылы алға бастыруға көмек көрсетуге қатысу;

- 5) «Kazakh Tourism» веб – порталын құру және сүйемелдеу;
 - 6) Қазақстанда және шетелде отандық туризмді алға бастыру бойынша іс-шараларды өткізу;
 - 7) туристік Қазақстанды алға жылжыту мәселелері бойынша отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру;
 - 8) туристік қызметтерді әлеуетті шетелдік тұтынушыларға демалыс үшін қолайлы Қазақстанның туристік кластерлері туралы ақпаратты тұрақты түрде жариялау арқылы ақпараттандыруды көтеру;
 - 9) ішкі және сыртқы туризмді дамыту және алға жылжыту мәселелері бойынша ақпараттық және аналитикалық қолдау көрсету;
 - 10) Қазақстан Республикасының туризм саласын дамыту жоспарларын (іс-шараларын) әзірлеу бойынша ұсыныстарды жасау;
 - 11) әлеуметтік туризмді дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу.
14. Егер қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыруға және әрекеттердің жеке түрлерін жасауға рұқсат қажет болса, онда қызмет пен әрекеттің осы түрлеріне тиісінше рұқсаттың бар болғаны жағдайында ғана жүзеге асырыла алады.

5. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

15. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық құқықтарына ие және міндеттерді атқарады.

16. Қоғам Жалғыз акционердің мүлігінен жекеше мүлікке ие, және оның міндеттемелеріне жауапты емес. Қоғам өз мүлігі шегінде өз міндеттемелеріне жауапты.

17. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекеліне ұшырамайды.

18. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иелене алады, сотта талапкер мен жауапкер ретінде шыға алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

19. Қоғам зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтар иесі болуы мүмкін, сондай-ақ лицензиялық шарттардың (келісімдердің) негізінде зияткерлік меншік объектілерін пайдалана алады.

20. Қоғам бағалы қағаздар бастыра алады, бағалы қағаздарды бастыру, орналастыру, айналысы және өтеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен заңдастырылады.

21. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзырлығы шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

22. Қоғам заңдастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының территориясында және одан тыс жерлерде орналасқан банктер мен өзге де

қаржы мекемелерінде ұлттық, шетел валюталарында шоттар ашуға, уақытша бос қаражатты қаржы құралдарына салуға құқылы.

23. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық және шетелдік жеке, заңды тұлғалардан теңгеде және шетел валютасында қарыз, несие алуға және пайдалануға құқығы бар.

24. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық және корпоративтік құжатнаманы әзірлейді және бекітеді.

25. Қоғам осы Жарғының 29 тармағында заңдастырылған міндеттерді Жалғыз акционер орындамағанының салдары үшін жауапты емес.

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтар мен өзге міндеттерге ие бола алады.

6. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

27. Жалғыз акционер келесі құқықтарға ие:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруда қатысу;

2) дивидендтерді алу;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, сонымен қоса осы Жарғыда белгіленген тәртіпте қаржылық есептермен таныса алады;

4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның меншік құқығын растайтын бағалы қағаздар көшірмесін алу;

5) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде келіспеу, даулау;

6) Заңда қарастырылған жағдайларда, Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғалары келтірген залалдарды Қоғамға өтеу, Қоғамға Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының, жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы өздері шешім қабылдау (ұсыныс жасау) нәтижесінде алынған табысты (кірісті) қайтару туралы талап қойып, өз атынан сот органдарына жүгіну;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша түрде сұраухат жіберу және Қоғамға сұраухат түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алу;

8) Қоғам таратылған кезде мүлікке ие болу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу;

10) Директорлар кеңесін шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

28. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтар мен өзге міндеттерге ие бола алады.

29. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда

қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және акцияларды нақтылы ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

7. Қоғамның мүлкі

30. Қоғамның мүлкі Қоғам қызметінің қамтамасыз етуге арналған, өзіне меншік құқығымен тиесілі.

31. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:

1) Жалғыз акционер Қоғамның акцияларын төлеуге берілген мүлік;

2) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарға сәйкес, басқа да негіздер бойынша сатып алынған өзге де мүлік.

32. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерімен құрылатын мүлік Қоғамға меншік құқығында тиесілі.

8. Қоғамның жарғылық капиталы

33. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және Қоғамның Жалғыз акционері олардың нақтылы құны бойынша және орналастырылған құны бойынша инвесторлардың акцияларға ақы төлеуі арқылы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және осы Жарғының белгілеген талаптарына сәйкес қалыптастырылады.

34. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту жүргізілуі мүмкін.

9. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

35. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады. Жай акция акционерге оның қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Қарапайым акция акционерге Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивидендтерді алуға және Қоғам таратылғаннан кейін жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте Қоғамның мүлкін алуға құқық береді.

36. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

37. Қоғам акцияларын орналастыру (іске асыру) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын акциялардың саны (сатылатын) туралы, оларды орналастырудың (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

38. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастырады.

39. Орналастырылатын акцияларды төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзге де мүлікті енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де төлеу мүлікпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жұмыс істейтін бағалаушының айқындаған бағасы бойынша жүзеге асырылады.

40. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

41. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге алуды келесі жағдайларда ғана жасай алады:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) процентінен аспайтын санды құрайды, Қоғам сатып алған акцияларын қоспағанда;
- 3) кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаған, егер өзгесі осы Жарғымен белгіленген болмаса.

10. Дивидендтер

42. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам төлейтін Жалғыз акционерге тиесілі акциялары бойынша оның кірісі дивиденд болып табылады.

Дивидендтерді төлеу ақшамен жүргізіледі.

43. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім жылдың қорытындысы бойынша шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған кезде, дивидендтер жыл қорытындысы бойынша және Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

45. Шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

46. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

47. Дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін мерзімі;
- 3) бір жай акцияға келетін дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтер бастапқы төлеудің күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

48. Жалғыз акционер Қоғам қарызының мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

49. Жалғыз акционерге жай акциялар бойынша өзіндік капиталдың теріс мөлшерінде немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Қоғам төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, немесе Қоғамда аталған белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

50. Осы Жарғының 49 тармағын бұзуға жасалған іс-әрекеттер, Қоғам кредиторларының мүдделеріне нұқсан келтіретін болып қарастырылады және кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

11. Қоғамның органдары

51. Қоғамның органдары болып келесілер табылады:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

12. Қоғамның жалғыз акционері

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген Жалғыз акционердің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционер жеке дара қабылдайды және белгіленген тәртіппен бұйрықпен рәсімделеді.

53. Жалғыз акционер жыл сайын 5 (бес) ай ішінде қаржы жылы аяқталғаннан кейін Заңға сәйкес жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға міндетті. Көрсетілген мерзім есеп кезеңінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

54. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Басқарма жүзеге асырады.

55. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар, осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты беру керек.

56. Қоғам органдарының мүшелерін сайлау мәселелер бойынша материалдарында ұсынылатын үміткерлер туралы мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға аффилиирленгені туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жыл ішінде жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

57. Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені шағарған жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын үміткер Жалғыз акционердің өкілі және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер ме екендігі көрсетілуге тиіс.

58. Жалғыз акционердің Заңға сәйкес жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционердің қарастыруы тиіс құзырына жататын мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өткен қаржы жылына және бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшері Қоғамның бір жай акциясына есептелгенде Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) Қоғамның іс-әрекетіне және оның лауазымды тұлғаларына және оларды қарастыру қорытындысы туралы Жалғыз акционердің өтініштері туралы ақпарат;
- 5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

59. Жалғыз акционер бұйрықтарының көшірмелері Қоғамда сақталуы тиіс, Жалғыз акционерге танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс.

13. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

60. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялар санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен

тәртібін анықтау;

8) Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін шығындарының өтемақысын және сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшерін есептеуді бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) басқа заңды тұлғалардың қызметіне немесе құрылуында Қоғамның қатысуы туралы не болмаса Қоғамға тиесілі барлық активтердің бір немесе бірнеше бөлігін құрайтын сомадағы активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп проценті беру (алу) арқылы басқа да заңды тұлғалардың қатысушылар құрамынан шығуы (акционерлерінің) туралы шешім қабылдау;

15) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам сатып алған кезде акциялар құнын айқындаудың әдістемесіне өзгерістерді (әдістемені бекіту, егер ол құрылтай жиналысында бекітілмеген болса) бекіту;

16) Қоғамның мәміле жасасуы туралы шешім қабылдауы немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы нәтижесінде Қоғамның активтерінің жалпы құнының 25 (жиырма бес) немесе одан да көп пайызын құрайтын мүлік сатып алатын немесе иеліктен шығаруы (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) Қоғамның Директорлар кеңесімен ұсынылуы бойынша;

17) Дивидентті саясатты бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

18) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты табыс ету тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпараттар құралдарын анықтау;

19) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

20) басқа да сұрақтар, олар бойынша шешімдер қабылдау Заңмен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылады.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, шешім қабылдауды Қоғамның басқа органдарына, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, беруге жол берілмейді.

61. Жалғыз акционер Жалғыз акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік мүлік туралы уәкілетті органмен келісім бойынша қабылданған мәселелерді қоспағанда шешімдерді қабылдайды.

14. Қоғамның Директорлар кеңесі

62 Директорлар Кеңесі – Қоғамның органы, бұл орган Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда белгіленген Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бөлімде белгіленген тәртіппен қабылданады.

63. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі мүмкін және (немесе) Директорлар кеңесінің мүшесі функцияларын атқарумен байланысты шығындары өтеледі, мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерді қоспағанда. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері осы Жарғының 60-тармақтың 8) тармақшасына сәйкес Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

64. Директорлар кеңесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

65. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын, сондай-ақ Қоғам қызметінің белгілі бір салаларында оның даму стратегиясын анықтау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған даму стратегиясының бекітілуін қоспағанда;

2) Даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер және толықтырулар енгізу;

3) Даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалу мониторингі, Даму жоспарын орындау бойынша жылдың қорытынды есептерін қарастыру;

4) ірі инвестициялық жобаларды және Директорлар кеңесі құзыретінің аясында басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және тиімді жүзеге асыру мониторингі;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;

8) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

9) Жалғыз акционерге өткен қаржы жылына Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшерін есептеу туралы ұсыныстар беру;

10) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде олардың орналастырылатын (сатылатын) саны туралы, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

12) Қоғамның 10 (он) және одан көп пайыз акциялары (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) басқа заңды тұлғалардың сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы, оларды жасауда Қоғамның мүдделігі болады, Жалғыз акционер шешім қабылданатын мәмілелерді қоспағанда, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі жасалған ірі мәмілелер мен мәмілелер тоқсан сайынғы есептерді қарау туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның активтер құнының жалпы мөлшерінің 10 (оннан) 25 (жиырма бес) пайызына дейін құрайтын мүлік сатып алынады немесе иеліктен шығарылатынының (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) нәтижесінде Қоғамның мәміле немесе өзара байланысты жиынтығындағы мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін өзінің меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;

16) Қоғам акцияларын төлеуге берілген, не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтер төлемінің мөлшерін анықтау және қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;

17) Директорлар кеңесі комитеттерін құру және сандық құрамын анықтау, өкілеттік мерзімін анықтау, комитеттердің Төрағасы мен комитеттерінің мүшелерін сайлау;

18) Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

19) Жалғыз акционердің қарауына сұрақтарды беру және алдын ала мақұлдау;

20) Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

21) лауазымдық жалақылар схемасын бекіту, сондай-ақ Басқарма Төрағасы мен мүшелері лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбек ақысын мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

22) Төраға және Басқарма мүшелері, Корпоративтік хатшы (Директорлар кеңесі жанындағы Комитет ұсынымдары бойынша тағайындау және сыйақылар), Ішкі аудит қызметі басшысының (Директорлар кеңесі жанындағы аудит жөніндегі Комитеттің ұсынымдары) үшін қызметтің негізгі көрсеткіштері (мақсаттар картасы) мен олардың мақсатты мәнін бекіту;

23) Қоғам Басқармасының мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеуге мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

24) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындауды өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметкерлерінің еңбек ақысының мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

25) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мен сыйақы мөлшерін анықтау;

26) Директорлар кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту;

27) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

28) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін бекіту;

29) Қоғамның құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы санын бекіту;

30) Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарға жазылу және аукциондар өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатының, сондай-ақ:

- есеп саясатын;

- салықтық есепке алу саясатын;

- кадр саясатын;

- іскерлік этика кодексін;

- басшы қызметкерлердің еңбек ақысын және сыйақы төлеу ережелерін;

- тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін құжаттардың;

- ақпараттық қауіпсіздік саясатын;

- Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасын;

- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына ұсынылатын мәселелердің тізбесін бекіту;

- Қоғам Басқармасы туралы ережесін;

- Корпоративтік хатшы туралы ережесін;

- Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелер;

31) тоқсан сайынғы тәуекелдер бойынша есептерді бекіту;

32) тізілімін және тәуекелдер картасын және Қоғамның негізгі тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту;

33) Қоғамның тәуекел-тәбетін, Қоғамның әрбір түйінді тәуекеліне қатысты толеранттылық деңгейін бекіту;

34) тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және ішкі бақылау жүйесін бекіту, және оларды іске асыру туралы есептерін қарастыру;

35) Қоғамның және Қоғамның акцияларына (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін құжатты бекіту;

36) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

37) Жалғыз акционермен немесе Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

38) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

66. Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі шешім қабылдауға құқылы емес, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

67. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мәмілелерді жасаған кезде асыра пайдалануды қадағалауы және мүмкіндігінше жоюы қажет;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

68. Директорлар кеңесінің Басқарма мен Қоғамның Ішкі аудит қызметінен толық көлемде және уақтылы негізде ақпаратты, түсініктемелер мен түсіндірмелер алуға құқығы бар.

15. Директорлар кеңесін сайлау

69. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үміткерлердің құзыреттілігі, дағдылары, жетістіктері, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып, Жалғыз акционермен жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің жеке мүшелерін немесе жаңа мерзімге оның толық құрамын қайта сайлау кезінде Директорлар кеңесінің қызметі тиімділігіне олардың қосқан үлесі назарға алынады.

70. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасымен сайлануы мүмкін емес.

71. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне жүктелген функцияларды орындауды Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге де тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

72. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар сайланады. Акционерлердің, Басқарманың және өзге де мүдделі тараптардың әсерінен еркін, тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилік пен дербестікке ие тұлға Тәуелсіз директор болып танылады.

Қоғам мүддесіне тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ететін және әділ қарым-қатынас және орнықты даму қағидаттарын барлық акционерлерге қатысты ескере отырып, Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде дағдылардың, тәжірибе мен білім балансы сақталуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелері және Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер тиісті жұмыс тәжірибесіне, дағдыларына, біліміне, біліктілігіне және салалық ортада өз функцияларын орындау үшін оң жетістіктері және мінсіз бедел мен іскерлікке ие болуға тиіс.

73. Директорлар кеңесінің мүшесі болуға келесі тұлға мүмкін емес:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;

2) Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі,

бірінші басшы (Басқарма төрағасы), бірінші басшының орынбасары (Басқарма төрағасының орынбасары), алқалы атқарушы органның немесе басқа заңды тұлғаның бір күнтізбелік жылдың ішінде бас бухгалтердің лауазымын атқарған тұлға, алдында мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған осындай заңды тұлғаның консервациялау туралы шешім қабылдаған тұлға. Мұндай тұлғаның мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған осындай заңды тұлғаның консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл көлемінде Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

74. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем емес болуы тиіс, Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының 30 (отыз) пайызына дейін санын құрайды.

75. Директоры тәуелсіз болып танылады мынадай жағдайларда, егер ол:

Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайды және оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл бойы аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса, (ол Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);

Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатысты аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса;

Қоғамның лауазымды тұлғаларымен бағынышты немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғалардың ұйымымен байланыста болмаса және осы тұлғалармен оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл бойы бағынышты байланыста болмаса;

Қоғам аудитінде аудиторлық ұйымдардың құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспаса, және оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл бойы мұндай аудитке қатыспаған болса;

Қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болып табылмаса және оны Директорлар кеңесіне сайлауға дейінгі үш жыл бойы осындай өкіл болмаса;

мемлекеттік қызметші болып табылмаса.

16. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігінің мерзімі

76. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және Жалғыз акционер Директорлар кеңесін жаңадан сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

77. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар қызметінде қанағаттанарлық нәтижелер көрсеткен жағдайда қосымша 3 (үш) жыл мерзімге дейін қайтадан сайлана алады.

78. Директорлар кеңесінің құрамына сайлаудың кез келген мерзімі 6 (алты) жыл мерзімнен (мысалы, 2 (екі) үш жылдық мерзімнен) көп болса, Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып

ерекше қарауға жатады.

79. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына 9 (тоғыз) жылдан аса қатар сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда, 9 (тоғыз) жылдан аса мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне мұндай тәуелсіз директорды жыл сайын сайлау толық егжей-тегжей түсіндірумен жүргізілуі тиіс, яғни аталған мүшенің Директорлар кеңесіне сайлау қажеттілігі және осындай фактордың тәуелсіздік шешімдер қабылдауға әсер етуі түсіндірілуі керек.

80. Бірде-бір тұлға өз тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануымен байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.

81. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Жалғыз акционердің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаны күннен бастап тоқтатылады.

82. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды ұсынып, есепті жыл ішінде отырыстың 50%-ынан азыға қатысып, сырттай дауыс беруге қойылған сұрақтардың кемінде 50% -ын ұсынды.

83. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

84. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі Жалғыз акционер сайлағанда, Директорлар кеңесінің сайланған мүшесінің өкілеттігі мерзімі Директорлар кеңесінің өкілеттігін тұтас алғанда бір мезгілде аяқталады.

17. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

85. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі құзыретінің шегінде келесі құқықтарға ие:

- 1) Директорлар кеңесі отырысын өткізуді талап етуге;
- 3) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша және қабалданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
- 4) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне белгіленген тәртіпте сұрақтар енгізуге;
- 5) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, сонымен қатар Қоғамның қызметтік, коммерциялық, басқа да заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын ақпарат алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;
- 6) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру бойынша

жазбаша ұсыныстар енгізуге;

7) Директорлар кеңесін жазбаша түрде хабардар етіп, өз құзыретін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес сыйақы алуға және Директорлар кеңесінің міндеттерін атқарумен байланысты кеткен шығындарды өтеуге;

9) басқа ұйымдармен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста іскерлік қарым-қатынас орнату арқылы, (форум, семинар, кездесу т. б.) Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысу арқылы Қоғамның мүддесін ұсыну және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген басқа әрекеттерді жүзеге асырады.

86. Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) өз міндеттерін тиісінше орындауға және ұзақ мерзімді өсімді және Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге.

2) адал, парасатты және әділ әрекет жасап, Қазақстан Республикасының заңдардағы, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарын, адамгершілік қағидаттар мен тұтастай алғанда Қоғамның мүддесі үшін іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға;

3) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруға байланысты өздеріне белгілі болған Қоғам туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау, сонымен қатар Қоғамда жұмысы тоқтатылған сәттен бастап, 5 (бес) жыл бойы құпияны сақтауға, егер өзгесі Қоғамның ішкі құжаттарымен орнатылмаса;

4) Қоғамның жай-күйіне мониторинг жүргізуге және Қоғамның басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыста болуға;

5) өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және жұмысына қатысуға;

6) Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға мүмкін еместігі туралы өзінің болмау себептерін көрсете отырып алдын ала хабардар етуге;

7) Директорлар кеңесімен оны акционерлік қоғамның басқа органдарына сайлауды немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдануын келісуге;

8) білімі мен дағдыларын жетілдіру жоспарын жасауда қатысуға;

9) Директорлар кеңесінің Төрағасына 2 (екі) жұмыс күн ішінде мән-жайлардың өзгергені туралы хабарлау, оның нәтижесінде тәуелсіз Директор болудан қалса. Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу жеткізеді.

87. Директорлар кеңесінің мүшесі келесі ережелерді сақтауы тиіс:

1) мүдделігі бар мәселелер бойынша дауыс бермеу;

2) оған Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін атқаруға байланысты белгілі болған құпия, инсайдерлік және өзге де ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ оны өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде, сондай-ақ Қоғамдағы жұмысы аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы пайдалануға

болмайды;

3) өз шоғырлануының өзгеруі туралы уақтылы хабарлау;

4) Қоғам бәсеке ететін ұйымдардың органдарын құруға, қатысуға болмайды;

5) Қоғамның мүлкін пайдаланбау және осы Жарғыға, Акционерлердің жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшы келетіндей оны пайдалануға жол бермеу, сондай-ақ жеке мақсаттарда қолданбау және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасасу кезінде асыра пайдаланбау;

6) жедел шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуді бастамалау;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен берілуін бақылау;

8) тәуелсіз директорлар сұрақтарды талқылауға белсенді түрде қатысуы тиіс, онда мүдделер қақтығысы болуы мүмкін (қаржылық және қаржылық емес есеп беру дайындау, қорытынды мәмілелерді мүддесі бар, Басқарма құрамына үміткерлерді ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы бекіту);

9) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген қауіпсіздік режимімен байланысты және Қоғамның құпия ақпаратын қорғаумен байланысты барлық ережелерді және рәсімдерді сақтау.

18. Директорлар кеңесінің Төрағасы

88. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жүргізуі үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруды, және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционері мен Басқарма арасындағы конструктивті диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, осы Жарғыда белгіленген тәртіппен отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы бірыңғай кәсіпқойлар, ұзақ мерзімді құнды арттыруға бағытталған және Қоғамның тұрақты дамуына арналған, ішкі және сыртқы сын-қатерлерге уақтылы және тиісті деңгейде әрекет ете алатын команданы құруға ұмтылуы тиіс.

89. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің шешімімен оның функцияларын Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

90. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылық еткеніне жауапты, оның жауапкершілігінің барлық аспектілері аясы бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Басқарма Төрағасымен Қоғам атынан Басқарма Төрағасының материалдық ынталандыру және Даму жоспарының орындалуы және жүзеге асырылуы туралы міндеттеріне тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын

жасасады;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы конструктивті қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу ең жоғары нәтижелілігі қамтамасыз ету, яғни талқылау үшін жеткілікті уақытты бөлу арқылы, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарастыру, ынталандыру, ашық талқылау, келісілген шешімдерге қол жеткізеді;

5) Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерінің мониторингін және тиісінше орындалуын қадағалауды қамтамасыз етеді;

6) Қоғамның мүдделеріне жауап беретін шешім қабылдау мақсатында, әр түрлі пікірлер болған кезде, жекелеген Директорлар кеңесінің мүшелері айтқан барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстарды қарауды қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы көзделген Жарғымен өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

19. Директорлар кеңесін шақыру

91. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі Төрағасының бастамасымен немесе Басқараммен немесе келесілердің талаптары бойынша шақыртылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін іске асырушы аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің.

92. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы беріледі, бұл жазбада Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі қамтылады. Директорлар кеңесінің төрағасы отырыстың күн тәртібін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі отырысты өткізу үшін жалпы бөлінген уақыттан бөле отырып қалыптастырылады, яғни Директорлар кеңесі үшін барлық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға жеткілікті уақыт бөлуі және мәселелерді егжей-тегжейлі, терең қарауға назар аударуы тиіс.

93. Директорлар кеңесі Төрағасының отырысты шақыруға бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

94. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

95. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

96. Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің отырысында қатыса алмайтындығы туралы Қоғам Басқармасын алдын ала хабардар етуге тиіс.

97. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге дейін кемінде 10 (он)

күнтізбелік күн бұрын отырысқа арналған материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

20. Директорлар кеңесінің отырысы

98. Директорлар кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстар кестесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырысы өткізу кезеңділігі жылына кемінде 1 (бір) рет болады. Қарауға жоспарланатын мәселелердің ішінде, егжей-тегжейлі және толық талқылау қамтамасыз ету үшін және уақтылы және сапалы шешімдер қабылдау үшін санын біркелкі бөлу ұсынылады.

99. Директорлар кеңесінің мәжілісіне кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жартысынан кем емес болуы тиіс.

Қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелері болған жағдайда, олардың берген дауыстары жазбаша түрде ескере отырып кворум анықталады. Директорлар кеңесінің мүшесі бейне және басқа да хабарламалар арқылы Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға құқылы. Мұндай қатысу болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына келген деп саналады (аралас дауыс беру).

100. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені қарауды ұсынады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Жалғыз акционердің қарауына осындай мәселе бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.

101. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен өзгеше көзделмесе.

Директорлар кеңесінің бір мүшесінің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге тұлғаға беруге жол берілмейді.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

102. Директорлар кеңесінің күн тәртібіне мерзімі бұзылған материалдар бойынша мәселелер енгізілмейді. Сұрақтардың күн тәртібіне енгізілген мерзімін бұзған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы осы қажеттілік үшін толық негіздемені қамтамасыз етеді.

103. Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының күн тәртібіне ұсынылатын сұрақтар саны оннан аспауы тиіс. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесінің Төрағасы қосымша мәселелерді енгізуге рұқсат бере алады.

104. Директорлар кеңесінің күн тәртібін қалыптастыру бойынша, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырысқа қатысушыларды хабардар

ету, сондай-ақ оларды қажетті материалдармен қамтамасыз ету Корпоративтік хатшыға жүктеледі, ал ол болмаған кезде – Басқармаға жүктеледі.

105. Қоғамның мүддесі бар ірі мәмілелерді жасау туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелеріне оның жасасуына мүдделі емес қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Егер Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мәмілеге мүдделі болса және (немесе) шешім қабылдауға қажетті дауыстар санының болмауына байланысты осындай мәмілені жасау туралы шешім қабылдаса, оны жасау туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады.

106. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің тек мүшелері қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

107. Директорлар кеңесінің шешімдері ішкі немесе сыртқы дауыс беру формасы арқылы қабылданады, бұл ретте сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырыстардың саны азайтылуы тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесі отырыстарында дауыс берудің тек бетпе-бет түрімен жүзеге асырылады. Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын біріктіру мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелері Директорлар кеңесі отырысына қатысу мүмкіндігіне ие болмаған жағдайға қатысты.

108. Осы Жарғының 65-тармағының 1) - 14), 16), 20), 23), 27), 28), 30) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кезінде Директорлар кеңесінің отырысын сырттай немесе аралас түрде өткізуге жол берілмейді.

109. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына (егер ол Басқарма мүшелеріне сырттай дауыс беруден бас тартқан жағдайда) жазбаша түрде беріледі және дауыс беруге қойылған нақты және анық анықталған сұрақтарды (мәселелерді) қамтиды.

110. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған бюллетеньдермен қоса жазбаша түрде жасалады.

111. Директорлар кеңесінің шешімдері қабылданған өткізілген отырысында қатысу тәртібімен, хаттамамен ресімделеді және оған қол қойылуға тиіс мәжілісте төрағалық етуші тұлға және Корпоративтік хатшы Қоғамның 3 (үш) жұмыс күн ішінде отырыс өткен күннен бастап және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізу формасы (бетпе-бет, сырттай немесе аралас, ашық немесе жабық);
- 3) отырыстың өткізілетін күнін, уақыты мен орнын;
- 4) Директорлар кеңесі мүшелерінің аты-жөні және Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтын шақырылғандардың (Корпоративтік хатшыны қоса алғанда) аты-жөні;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) отырыстың хаттамалары, оның ішінде проблемалық аспектілер мен даулы жағдайларды көтеру;

7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір тармақ бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

8) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша қабылданған шешімдер;

9) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

112. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру жолымен қабылданған, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамда сақталады.

